

**"Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман қорын қорғау, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру жөніндегі нормалар мен нормативтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 20 шілдедегі № 18-02/664 бұйрығына толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 227 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 24 шілдеде № 33141 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман қорын қорғау, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру жөніндегі нормалар мен нормативтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 20 шілдедегі № 18-02/664 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11995 болып тіркелген) мынадай толықтыру енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман қорын қорғау, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру жөніндегі нормалар мен нормативтер:

мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

"9. Орман өрт сөндіру станцияларының мемлекеттік орман шаруашылығы мекемелерінің және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың қызметкерлерін өртке қарсы киіммен жарақтандыру нормативтері

| № р/с | Атауы                                                                                                                                                                                                                                                                      | Өлшем бірлігі | Саны | Таралу аймағы                                                                                                                                                       |
|-------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1.    | Өрт сөндірушінің плащы (комбинезон )                                                                                                                                                                                                                                       | Дана          | 1    | Орман өрт сөндіру станциясының әрбір қызметкеріне (өрт сөндіру машиналарын, жабдықтарын мен аппаратураларын жөндеу жөніндегі радиооператор мен слесарды қоспағанда) |
| 2.    | Арнайы киім және арнайы аяқ киім ( алмалы-салмалы жылу оқшаулағыш төсемі бар күрте мен шалбар, жүннен жасалған касканың астынан киетін шлем, карабиносы бар құтқарушы өрт сөндіруші белдігі, өрт сөндірушінің балтасына арналған белдік қап, өрт сөндіруші етік) жиынтықта | Жинақ         | 1    |                                                                                                                                                                     |
|       |                                                                                                                                                                                                                                                                            |               |      |                                                                                                                                                                     |

|    |                   |      |   |  |
|----|-------------------|------|---|--|
| 3. | Қорғаныс шлемдері | Дана | 1 |  |
| 4. | Қолғап            | Дана | 1 |  |

2. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а.*

*Н. Шарбиев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі